Лексикалық тапсырма: Қоғамдық орындарда

ОҚЫЛЫМ, 1-тақырып.

Халыққа қызмет көрсету орталығы

Халыққа қызмет көрсету орталығының ашылуы – еліміздегі саяси интеграцияның нышаны. Мемлекеттің даму сатысы жоғарылаған сайын халықтың сұранысы да арта түспек. Демек, халықтың құжат мәселесін реттеуде орталықтардың ашылуы – заңды құбылыс. Орталық өз жұмысын Конституциялық нормалар мен нарықтық қоғам талаптарына сай, азаматтарға қолайлы негізде жүргізіп келеді.

Бұрын бір анықтама алу үшін бітпейтін кезек пен түрлі кабинеттер, ең құндысы алтын уақытын босқа өткізетін халық бүгінде «Халыққа қызмет көрсету орталығы» деп аталатын осы мекеме арқылы барлық құжаттарын бір демде реттеу мәселесі жолға қойылған. Көпшілік «бір терезе» деп атаған бұл мекеменің ғимараты жаңа типтік жобамен жабдықталып, келген әрбір тұтынушы үшін толық жағдай жасалынып, жұмыс жүйесі жақсы ұйымдастырылған. Тағы бір айта кетерлігі, мұндағы қызметкерлер өз істерінің білікті мамандары, қай істе де алдыңғы қатардан көрініп, қоғамдық жұмыстарда да белсенділік танытып жүрген жастар.

Халықпен тікелей жұмыс жасап, құжаттарды дер кезінде дайын етіп, сапалы қызмет көрсете білу қай кезде болсын ең маңызды мәселе. Халыққа қызмет көрсету орталықтарын (ХҚКО) құру және оларға мемлекеттік органдардың қызметтерін ХҚКО арқылы жүзеге асыруға болатын – белгілі бір қызметті алу үшін жүгінген азаматтарға «бір терезе» арқылы қажетті анықтамалар мен құжаттарды алуға мүмкіндік берді.

Күн өткен сайын сапалы сервиске деген қажеттілік артып келеді. Қызмет сапасын бақылау мақсатында, «Азаматтарға арналған үкімет» бірқатар механизмдерді әзірледі. Заманауи және әрекетті құралдардың бірі ахуалдық талдау орталығы болып табылады. Заманауи орталық онлайн режимінде бейне-мониторинг жүргізу, мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлеріне кеңес беру көмегін көрсету және сыбайлас жемқорлық белгілерін жою үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған. Бүгінгі таңда ахуалдық орталыққа мемлекеттік корпорацияның барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары қосылған.

«Орталық мамандары нақты уақыт режимінде таңғы сағат 8-ден кешкі сағат 8-ге дейін офистің барлық іс-шараларына бақылау жүргізеді және қажет болған жағдайда, филиалдың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін жедел түрде қызметкерлермен хабарласа алады. Мысалы, егер азаматқа қызмет сапасыз көрсетілген болса, ХҚКО-да тұрып-ақ 1414 нөмірі бойынша қоңырау шалуына болады, ахуалдық орталықтың мамандары қоңырау шалушыны камера арқылы анықтайды және оны көзбен егжей-тегжейлі бақылай отырып, жедел түрде шағымның мән-жайын анықтап қана қоймай, қызметтің соңғы нәтижеге дейін жетуін қадағалап, себептерін жою үшін шаралар қабылдайды.

Егер адам мемлекеттік көрсетілетін қызметті алған кезде оған дұрыс кеңес берілмеді немесе кезек күту уақыты қажетті уақыттан асып кетті, немесе мемлекеттік корпорацияның жұмыскері дөрекілік көрсетті деп санаса, ол 1414 бірыңғай байланыс орталығына хабарласа алады.

1414 Бірыңғай байланыс орталығы – бұл қызмет сапасына шағымданудың жалғыз жолы емес. Www.facebook.com/gos.corporation және www.instagram.com/gos_corp әлеуметтік желілерінде «Азаматтарға арналған үкімет» ресми аккаунттары арқылы қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша түскен әрбір шағымға қатысты әр фактіге шұғыл түрде тексеріс жүргізіледі және шағымданған пайдаланушыларға орын алған жағдай бойынша егжей-тегжейлі жауап ұсынылады.

Сөздік:

Халыққа қызмет көрсету орталығының - Центра обслуживания населения
халықтың сұранысы - спрос населения
нышаны - символ
заңды құбылыс - юридическое явление
нарықтық қоғам - рыночное общество
заңды құбылыс - юридическое явление
анықтама - справка
құжаттар - документы
типтік жобамен- типовым проектом
белсенділік - активность
тікелей жұмыс- прямая работа
маңызды мәселе- важный вопрос
жүзеге асыру - реализация
қажеттілік - потребность
заманауи - современный
ахуалдық талдау- ситуационный анализ
бейне-мониторинг- видео-мониторинг
қажеттілік- потребность
сыбайлас жемқорлық- коррупция
жабдықтар- оборудование
ахуалдық орталық- ситуационный центр
анықтайды- определяет
шағым - жалоба
нәтиже - результат
себептер - причины
шаралар - меры
дөрекілік көрсетті - показали грубости
кеңес берілмеді - не советовали , не консультировали
шұғыл түрде- срочно

Мәтінге тапсырма:

1. Мәтінді түсініп оқып, аударыңыз.
2. Мәтінге 6 сұрақ-жауап әзірлеңіз.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫ (СРС).

ЖАЗЫЛЫМ. Лексика-грамматикалық жұмыс.

Синонимдер, омонимдер, антонимдер

Мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздерді синоним деп атаймыз. Мысалы: әдемі, сұлу, келбетті, немесе қысқа, шолақ, келте немесе күшті, мықты,

берік т.б. сөздердің мағыналары бір-біріне жақын, сондықтан олар бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болады: әдемі қыз - сұлу қыз, келбетті қыз немесе күшті жігіт, мықты жігіт т.б.

Айтылуы бірдей болғанмен, мағыналары әртүрлі сөздерді омоним деп атаймыз. Мысалы, аяқ деген сөз әрі ыдыстың бір түрі және адамның дене мүшесі мағыналарын білдіреді. Бұл мағыналардың арасында байланыс жоқ. Демек, аяқ деген сөз бірдей айтылғанмен әр мағынасы бөлек-бөлек сөз болып табылады. Сондай-ақ сыр – бояу, жас-адамның нешеге келуі және жас - көзден ағатын су және жас - жастық кез т.б. Омоним сөздерді көп мағыналы сөздермен шатастыруға болмайды.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді антонимдер деп атаймыз. Ащы-тұщы, жақсы-жаман, аз-көп, алыс-жақын т.б. Болымсыздық мағынаны білдіретін қосымшалар арқылы жасалған сөздер антоним бола алмайды: Қарлы-қарсыз, желді- желсіз т.б.Антоним болу үшін сөздердің тұлғалары бөлек, мағыналары бір-біріне қарама –қайшы болуы шарт.

1-жаттығу. Берілген сөздердің екінші бағаннан синонимін тауып жазыңыз.

Әдемі	Осы
Халық	Құрметті
Адам	Білімді
Бұл	Сауығу
Үлкен	Кесене
Сауатты	Ел
Жазылу	Сұлу
Мазар	Кісі
Қадірлі	Зор

2-жаттығу. Берілген сөздердің антонимін тауып, аударыңыз.

Ақ, өмір, ауыр, ыстық, жер, жақсы, жаз, ескі, арзан, қалың, күн, үлкен, алыс, ашық, кең.

3-жаттығу. Омоним сөздер арқылы сөйлем құраңыз.

Жаз (лето) – жаз (пиши)
Ат (лошодь) – ат (стреляй)
Ай (луна) – ай (месяц)
Түс (цвет) – түс (сон, слезай)
Алма (яблоко) – алма (не бери)